

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2025 жылғы 5 ақпандағы № ДС-55 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Балық шаруашылығын дамыту мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

***Мемлекеттік балық зауыттары мен питомниктерді материалдық-техникалық жарақтандыруды жаңғырту бойынша***

Қазіргі уақытта елімізде бір мемлекеттік балық өсіру зауыты және екі балық питомнигі жұмыс істейді.

***Анықтама:*** «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК, «Петропавл балық питомнигі» РМҚК, «Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК.

Олардың тұрақты жұмыс жасауы үшін жыл сайын материалдық-техникалық жарақтандыруға ревизия жүргізіледі, содан кейін база жаңартылады.

Атырау бекіре балық өсіру зауытын жаңғырту мақсатында қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде (*аяқталуы ағымдағы жылдың наурыз айында күтіледі*), бекітілгеннен кейін құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау жоспарлануда.

Жаңғырту шеңберінде сорғы станцияларын, трансформаторлық қосалқы станцияларды, электр желілерін, су беру және ағызу арналарын, гидротехникалық құрылыстар мен тоғандарды күрделі жөндеу және жаңарту, сондай-ақ технологиялық жабдықты ауыстыра отырып, өндірістік корпусстарды қайта жаңарту көзделеді. Сондай-ақ тұйық сумен қамтамасыз етілген балық өсіру қондырғылары және су сапасын бақылаудың автоматтандырылған жүйелері енгізілетін болады.

***Анықтама:*** балық ресурстарына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі қаражат есебінен 4 млрд теңге мөлшерінде жобаны қаржыландыру, сондай-ақ 6 млрд теңгеге жуық сомаға бюджеттік инвестициялық жоба шеңберінде инвестициялық ұсыныс әзірлеу мәселесі қаралуда.

Ағымдағы жылы Петропавл балық питомнигін жаңғырту үшін жобалау-сметалық құжаттаманы бюджеттен тыс қаражат тарту арқылы әзірлеу жоспарлануда.

Бүгінгі күні уәкілетті орган жобалық құжаттаманы әзірлеуге және ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге инвестормен шарт жасасты.

*Анықтама: АШМ-нің Балық шаруашылығы комитеті «Бозашы Мұнай» ЖШС-мен шарт жасасты, оның шеңберінде жобаны қаржыландыру көзі пысықталуда.*

Қазіргі уақытта мемлекеттік балық өсіру кәсіпорындарын материалдық-техникалық жарақтандыру 60 %-ды құрайды.

Мемлекеттік мекемелердің материалдық базасын жақсарту мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігінің жобалары шеңберінде қажетті техниканы, соның ішінде автокөлікті, жүзу құралдарын, сорғы жабдықтарын, салмақ өлшеу қондырғыларын және т. б. сатып алу қарастырылуда.

### ***Балық шаруашылығы қызметкерлерін ынталандыру бойынша***

Балық шаруашылығын дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде балық шаруашылықтарының санын ұлғайту және олардың тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралар іске асырылуда.

*Анықтама: 2022 жылдан бастап шаруашылықтар саны 380-ден 599-ға дейін өсті.*

Ол үшін агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган балық саласы мамандарының жалақысын ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде.

Мәселен, 2023 жылғы шілдеден бастап денсаулық пен өміріне зиян келу қаупінде жұмыс істегені үшін мемлекеттік балық өсіру кәсіпорындары қызметкерлерінің жалақысына қосымша үстемеақы енгізілді.

*Анықтама: нәтижесінде қатардағы балық өсірушінің жалақысы Петропавл балық питомнигінде 195-тен 392 мың теңгеге дейін, Қамыстыбаш балық питомнигінде 270-тен 398 мың теңгеге дейін, Атырау бекіре балық өсіру зауытында 270-тен 398 мың теңгеге дейін өсті.*

Сондай-ақ 2022 жылдан бері балық өсіру мекемелерінің қызметкерлерімен қоса азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын түзету коэффициентін қолдану арқылы кезең-кезеңімен арттыру жүргізілуде.

*Анықтама: 1,23 – 2022 жылы, 1,45 – 2023 жылы, 1,71 – 2024 жылы, 2 – 2025 жылы.*

Бұдан басқа, жаңа жұмыс орындарын құру және балық шаруашылығы саласындағы мамандарға сұранысты арттыру мақсатында «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға субсидия алатын кәсіпкерлерді өндіріс көлемін ұлғайтуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысын арттыруға міндеттейтін норма енгізілді.

### ***Балық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары бойынша***

Балық шаруашылығы субъектілері мен балық өндіруші кәсіпорындарды қолдау үшін бірқатар мемлекеттік шаралар іске асырылуда.

Салық кодексіне сәйкес 350 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын сомада балық ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерді кейінге қалдыру ұсынылады, бұл кәсіпкерлерге бір жыл ішінде бөліп төлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балықты терең өңдеумен айналысатын кәсіпорындар үшін қосылған құн салығының 70 %-ы мөлшерінде салық жеңілдіктері көзделген.

Бұдан басқа, инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде балық шаруашылығы субъектілері шығындарының бір бөлігін өтейтін инвестициялық

субсидиялар беріледі.

*Анықтама:* 2024 жылы акваөсіру мен асыл тұқымды балық шаруашылығын дамытуға 1,8 млрд теңге бөлінді, ал инвестициялық субсидияларға 159,4 млн теңге бөлінді.

Сондай-ақ 2024 жылғы маусымнан бастап балық саласына жеңілдікпен кредит беру тетігі енгізілді.

*Анықтама:* 2024 жылдан бастап Атырау облысында сенім білдірілген агент арқылы 12,6 млрд теңгеге үш жоба іске асырылуда, 13 млрд теңгеге алты жоба мақұлданды. Маңғыстау облысында 5,3 млрд теңге сомасына алты жобаны іске асыру жоспарланған.

Сонымен қатар ағымдағы жылы қайта өңделген балық өнімдерін субсидиялау тетігін енгізу және балық шаруашылығы субъектілері үшін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді өтеу жоспарлануда.

Алдағы уақытта кәсіпшілік шаруашылықтар үшін теңіз кемелерін сатып алу мүмкіндігін қоса алғанда, 2,5 % жеңілдікті мөлшерлеме бойынша сенім білдірілген агент (өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар) арқылы бюджеттік кредиттеуді кеңейту жоспарлануда.

Парламент Мәжілісінің қарауында балық шаруашылығы саласында бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасауға, саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, балық өнімдерін өндіру мен экспорттауды арттыруға, жұмыс орындарын құруға және халықтың балықты тұтынуын арттыруға бағытталған «Акваөсіру туралы» заң жобасы бар.

Жоғарыда аталған шараларды іске асыру кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеу деңгейін арттыруға және кәсіпкерлерді қосымша ынталандыруға мүмкіндік береді.

Балық шаруашылығын дамыту мәселелері Үкіметтің бақылауында.

**О. Бектенов**